ТОО «Оңтүстік құрылыс компаниясы»
БИН 060140020147
Республика Казахстан, г. Шымкент, Енбекшинский р-н,
ул. Писарева д.17
+7 7252 321804, E:mail ontustik_kurilis@mail.ru

Исх.№ 108
от «17» 06 2019г. г.Шымкент

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
Нұр-Сұлтан қаласы, Жеңіс даңғылы, 11.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының іс әрекетіне дау айту туралы шағым

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* 2019 жылғы 2 мамырда мемлекеттік сатып алу Вэб-порталы арқылы № 3328923-1 «СҚО Айыртау ауданның Саумалкөл а. "Жастар" орталық стадионның ағымдағы жөндеу» ашық конкурсын жариялаған болатын. Лот № 26119745-ОК1 .

Вэб-порталмен автоматты түрде 2019 жылғы 28 мамырдағы № 3329044-ОК1 ашу хаттамасы жарияланған. Аталған лоттарға «Оңтүстік құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі *(бұдан әрі – Компания)* өз өтінімін баға ұсынысын мен қоса, «Евразия Строй Монтаж» ЖШС, «ТЕХНОКОМ» ЖШС, «Копеш» ЖШС, «cln» ЖШС, «Best Build Stroy» ЖШС, «Гавар Компани» ЖШС «KAZ СТРОЙ PLAST» ЖШС баға ұсыныстарын берген болатын.

Ұйымдастырушы 2019 жылдың 11 маусымда № 3066697 қорытындылар туралы хаттамасын жариялаған. Конкурстық комиссияның шешімімен жоғарыда аталған лот № 26119745-ОК1 бойынша «ТЕХНОКОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз болып танылған.

Алайда, Компания жеңімпаздың және конкурсқа қатысушылардың құжаттарын және ұсынған бағаларын зерттей келе, конкурс нәтижелерімен ішінара келіспейді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары» бекітілген №5 қосымша конкурстық құжаттамасының 3 тармақтағы ескертпесіне сәйкес, «егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады».

Алайда, әлеуетті өнім беруші жұмыс өтілін растайтын құжаттарды толық көлемде ұсынбаған. Осыған сәйкес, «ТЕХНОКОМ» ЖШС біліктілік талаптарына сәйкес емес себебімен шеттетілуі тиіс.

Сондай-ақ, «ТЕХНОКОМ» ЖШС жұмыс өтіліне шартты жеңілдікті иелену мақсатында анық емес ақпарат ұсынған. Әлеуетті өнім беруші 2013 жылы ҚР, СҚО Сергеевка қаласы, Пригородная көшесі мекен жайы бойынша 10 бірпәтерлі тұрғын үйлердің құрылысын жүргізгендігі туралы 5-конкурстық құжаттамасында көрсеткен. Алайда, тіркелген құжаттарға сәйкес, «ТЕХНОКОМ» ЖШС қосылқы мердігер ретінде жұмыс атқарған. Осыған орай, әлеуетті өнім беруші Заңның 10-бабы, 1-тармағы, 3)-тармақшасын өрескел бұзып, біліктілік талапатарына сәйкес емес деп конкурстан шеттетілуі керек. Осының салдарынан, Заңның 11-бабы, 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушылары тізіліміне енгізілуі тиіс.

Сонымен қатар, «ТЕХНОКОМ» ЖШС-нің директоры Калыков Болат Кайржановичтың атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар (16.05.2019ж. бастап 252 500 теңге) және уәкілетті органмен Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген *(қосымшада тіркеледі)*. Осылайша, әлеуетті өнім беруші Заңның 6-бабы, 1-тармағы, 8)-тармақшасына сәйкес, өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқысыз.

Конкурстық комиссия «ТЕХНОКОМ» ЖШС-не қолданыстыға заңнамаларға сәйкес, шеттету керек болатын. Алайда, Ұйымдастырушы «ТЕХНОКОМ» ЖШС-не артықшылық беріп, қорытындыға шығарған.

Бұған қоса, Ұйымдастырушы Компанияның жұмыс өтіліне, сапа менеджменті және экологиялық менеджменті сәйкестік сертификаттарына берілетін шартты жеңілдікті дұрыс есептемеген.

Жоғарыда айтылғылардың негізінде сұраймыз:

1. Мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2019 жылдың 11 маусымдағы мемлекеттік сатып алу вэб порталы арқылы № 3328923-1 конкурс нәтижесін қайта қарау мақсатында камералды тексеру жүргізуді;
2. Тексеру барысында мемлекеттік сатып алу процедураларын тоқтамға алуды.
3. Заңның 11-бабы, 3-тармағына сәйкес, ҚР заңнамасын бұзу бойынша шаралар қабылдауды.

Қосымша:

1. Уәкілетті органның сайтынан скрин-шот көшірмесі.

«Оңтүстік құрылыс компаниясы» ЖШС-нің директоры **Ахметова П.Б.**